

**Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға  
облыстық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді  
субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 23 тамыздағы № 248 қаулысы.  
Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 06 қыркүйекте №  
2106 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 11  
шілдедегі № 01-30-1018 хатымен

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші  
жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012.07.11 № 01-30-1018 хатымен.**

«Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға  
жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысына сәйкес,

облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы қаулының 1, 2 – қосымшаларына сәйкес субсидиялардың нормалары  
және басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі;

2) осы қаулының 3 – қосымшасына сәйкес тыңайтқыштардың  
субсидияланатын түрлері және субсидиялардың нормативтері;

3) осы қаулының 4 – қосымшасына сәйкес жеміс – жидек дақылдары мен  
жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге шығындарының құнын  
ішінара өтеуге арналған субсидиялардың нормативтері.

2. Субсидия берілу мерзімі - 2011 жыл, қаржылау көзі - Маңғыстау  
облысының ағымдағы қаржы жылдың бюджеті болып анықталсын.

3. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы (Т. Қалжанұлы) заңнамада  
белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.З.

**П а р и т о в қ а** **ж ү к т е л с і н .**

5. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Қ. Көшербаев*

**К Е Л І С І Л Д І :**

**Қ а з а қ с т а н** **Р е с п у б л и к а с ы**

Ауыл шаруашылығы министрі  
А . С . М а м ы т б е к о в

23 тамыз 2011 ж.

Маңғыстау облысы қаржы  
басқармасының бастығы  
М . Б . Ә л і б е к о в а

23 тамыз 2011 ж.

Маңғыстау облысы экономика  
және бюджеттік жоспарлау  
басқармасы бастығының  
міндетін атқарушы  
Ұ . Ж . Ұ л а н о в а

23 тамыз 2011 ж.

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2011 жылғы 23 тамыздағы  
№ 248 қаулысына  
1 - қосымша

### Маңғыстау облысы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдарының субсидиялардың нормалары

№ р/б	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының аттары	1 гектарға арналған бюджеттік субсидияның нормативі, теңге
1.	Көкөністік-бақша дақылдары	9 000
2.	Өнеркәсіп үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін колдана отырып өсірілген көкөністік-бақша дақылдары	36 000
3.	Жабық топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (әр бір дақыл айналымға)	1 300 000
4.	Картоп	12 000

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар - жағар  
май материалдары мен басқа да тауарлық - материалдық құндылықтардың құнын  
арзандатуға арналған іс - шаралардың қаражат көлемі 22 515 000 теңге құрайды (  
жиырма екі миллион бес жүз он бес мың теңге)

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2011 жылғы 23 тамыздағы  
№ 248 қаулысына  
2 - қосымша

### Маңғыстау облысы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі

№ р/б	Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың аттары
1.	Көкөністік-бақша дақылдары
2.	Картоп
3.	Жабық топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2011 жылғы 23 тамыздағы  
№ 248 қалысына  
3 - қосымша

### Отандық тыңайтқыш өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидия нормативі

№ р/б	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрі	1 тонна (литр, килограмм) бағасының арзандатылу пайызы, дейін	Сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидия нормативі, теңге
1.	Аммиак селитрасы (N-34.4)	50	24 350
2.	Аммофос (N-10: P-46)	50	40 750

### Тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) тікелей шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден АШТӨ сатып алған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидия нормативі

№ р/б	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрі	1 тонна (литр, килограмм) тыңайтқыштың АШТӨ сатып алу шығындарын өтеу пайызы, дейін	АШТӨ сатып алған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидия нормативі, теңге
1.	Нитроаммофоска (N-15: P-15: K-15)	50	42 500
2.	Супрефос (N-12: P-24) (Ca: Mg: S)	50	26 000
3.	Новалон(N-13: P-40: K-13)	50	300*
4.	Новалон(N-19: P-19: K-19)	50	300*
5.	Новалон(N-03: P-07: K-37)	50	300*
6.	Новалон(N-15: P-5: K-30)	50	300*
7.	Нутрифлекс(N-17:P-7:K-21)	50	300*
8.	Нутрифлекс(N-15: P-8: K-25)	50	300*

\* 1 кг-ға арналған субсидия нормативі

Тыңайтқыштардың (органикалық қоспағанда) құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын отандық өндірушілер өндірген (формуляциялаған) гербицидтермен өндеуге жұмсалған шығындардың құнын арзандатуға арналған іс - шараларға қажетті қаражаттың көлемі 11 225 000 теңге құрайды (он бір миллион екі жүз жиырма бес мың теңге)



Дәстүрлі жүзімдіктер*	0	0	813 627	325 451	202 968	81 187
--------------------------	---	---	---------	------------	---------	--------

осы бюджеттік бағдарлама 2007-2010 жылдардағы отырғызылған жеміс - жидек дақылдарының көп жылдық екпелерін өсіруге (күтуге) арналған бюджеттік субсидияларды төлеуге қолданылады

Жеміс - жидек дақылдары мен жүзімінің көп жылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге арналған шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған қаражаттың көлемі 6 598 000 теңге (алты миллион бес жүз тоқсан сегіз мың теңге)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК